

Жарнама

«Шахтинск технологиялық колледжі» КМҚК 1 бірлік қосымша білім беру педагогы бос лауазымына конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды. (Заңды мекен жайы: 101600, Шахтинск қ., Абая Құнанбаев даңғылы, 9 үй. Байланыс телефоны 8(72156)50177, *e-mail: shah-tehn@krgeu.kz*)

Лауазымдық айлықақы:

Санаты	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты лауазымдық айлықақысы	
	min	max
В-3-4	109013	129763
В-4-4	102819	115517

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе өзге де кәсіптік білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, жұмыс тәжірибесіне талаптар қойылмайды немесе тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік білім немесе қайта даярлау туралы құжат, жұмыс тәжірибесіне талаптар қойылмайды;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шебер мамандығы бойынша жұмыс өтілі-5 жыл;

және (немесе) біліктілігінің орта немесе жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 4 жыл, педагог – зерттеуші үшін кемінде 5 жыл.

Лауазымдық міндеттері:

Қосымша білім беру саласында білім алушылардың әр түрлі шығармашылық қызметін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтайды, адамгершілік-рухани тұлғаны дамытуға, білім алушылардың тұрақты кәсіби мүдделерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Компьютерлік технологияларды қолдана отырып, оқу тиімділігін бағалайды, дағдыларды игеруді, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін, танымдық қызығушылықты дамытуды ескереді.

Балалардың бұқаралық білім беру іс-шараларына (конкурстар, көрмелер, слеттер, конференциялар, олимпиадалар және т.б.) қатысуын ұйымдастырады.

Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің каникулдық демалысын ұйымдастыруға қатысады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттар тізбесі (электрондық немесе қағаз түрінде):

1) осы Қағидалардың 10-қосымшасында берілген нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басты куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы және байланыс телефондары көрсетілген-бар болса);

4) педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша (№075/у) денсаулық жағдайы туралы анықтама;

7) Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) Наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі - ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

10) педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған бағалау парағы.

Кандидат болған жағдайда біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік Жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.

Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

2022ж.22.08